

Приурал ауылы

Приурал ауылының алғашқы қазығын жиырмамыншы ғасырдың басында Украинадан келген қоныс аударушылар қаққан. Алдымен шіркеу салыныпты. Ол жерде қазір Мәдениет үйі орналасқан. Халқы бақша салып, елдерінен әкелген ағаштарын отырғызып, өлместің қамын жасаған. Патша үкіметі құлағаннан кейін ауылда 1929 жылы Греков пен Люльконың бастамасымен «1 мамыр» артелі құрылып, сол жылы артельдің орнына «На страже» атты ұжымшар құрылды. Ал 1932 жылы «Гигант» ұжымшары пайда болды. Жаңа шаруашылыққа мемлекет қолдауы ретінде 20 түйе бөледі. Ұжымшарды Мәскеуден жіберген Киперберг деген адам басқарады. Үш жыл өткен соң, «Гигант» ұжымшарынан «На страже», «Киров атындағы» және «Жетекші» ұжымшарлары бөлініп шықты. 1941 жылы Ұлы Отан соғысының басталғандығы туралы хабар жеткенде бастарына жай оты түскендей болды. Ауылдан майданға 202 жігіт аттанған. Соның 112 ғана қайтып туған жерге оралыпты. Олардың арасында: Губайдулла Уразғалиев, Иван Косенко, Абдрахман Кулмангужиев, Иван Исаев, Василий Рудненко, Иван Кузьменко, Веннамин Люлько сынды көптеген батырларымыз болатын. 50-жылдары Қазақстандағы тың және тыңайған жерлерді игеру үшін Ресейдің, Украинаның, Молдаваның бастамашыл жастары ағылды. Ауылға атбасын тіреген А.Васильченко, Р.Мухамедьянов, И.Шепель, П.Дюрга, К.Кучер, С.Яровой, И.Клименко, А.Богатырев, Н.Дроздова, Б.Макеев, Ш.Макеев, М.Посталенко, Б.Глущенко, В.Бузоверовтар қоян-қолтық еңбек етті. 1962 жылдан бастап ұжымшар «Орал» деп аталды. Бұл өте күшті, тұрақты ұжымшар болды. Мал шаруашылығын дамытудан, ет-сүт тапсырудан, көкөніс өсіруден міндеттемелерін асыра орындап, бесжылдық қорытындысы бойынша үнемі алдыңғы қатардан көріне білді. Барлық қоғамдық мүлік ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетіп жатқан тоқсаныншы жылдардағы тоқырау заманында приуралдықтар аталары мен әкелері құрған шаруашылықты сақтап қалуға тырысты. Біртіндеп «Нива»(В.Ю.Кучеренко), «Луч»(А.Кульбеда), «Заря» (Р.Жир), «Светлана» (А.Тутуров), «Урал» ЖСШ (С.Алмашев) құрыла бастады. Бүгінгі таңда ауылда орта мектеп жанынан 2007 жылы ашылған «Айналайын» балабақшасы, дәрігерлік амбулатория, кітапхана, Мәдениет үйі, орман шаруашылығы жұмыс істейді. Ауыл аумағында 11 ұлттан тұратын 1300 адам мекен етеді. Осындай жері шалғынды қызғылт қоңыр топырақты құрғақ далада жусан, бетеге сынды көптеген өсімдіктердің түрлері өседі. Ауылда еңбек еткен жандар, ауыл өмірінің тыныс тірлігімен біте қайнасып, ерен еңбектерімен ерекшеленді. Ауыл табиғи отынның игілігін көруде. «Таза су» бағдарламасы бойынша әр үйде ауызсу құбыры іске қосылып, таза сумен қамтылған. Ынтымағы берік, берекесі ұйыған шағын ауылдың басты байлығы - оның ақжарқын, еңбеккер адамдары болып қала бермек. Сонымен қатар биылғы жылы мектеп жанынан спорттық алаң ашылып, спортқа жаны құштар жас өрендерді қуанышқа кенелтті.



Ескі мәдениет үйі





*«Бөрлі жаршысы» №52, 29.12.2017
Әшенова Ақмарал Мендешқызы*